

"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 11 қарашадағы № 597 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 26 желтоқсанда № 14575 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 339 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 02.07.2025 № 339 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 82-бабының 8-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде (бұдан әрі – Ереже):

40-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жиынтық қаржыландыру жоспарларын өзгертуге, сондай-ақ бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша, мемлекеттік борышқа қызмет көрсету мен оны өтеу бойынша немесе атқарушылық құжаттарды орындау үшін қаражат бөлуге бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі - ағымдағы ай ішінде, ал соңғы айда - ағымдағы қаржы жылының аяқталуына үш жұмыс күні қалғанда қабылданады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бөлінетін бюджеттік бағдарламаларға байланысты жоспарларды, мемлекеттік борышқа қызмет көрсету мен оны өтеуді, форс-мажорлық мән-жайларды, сот талқылауларын, аванс төлемінің мөлшерін азайтуды, бағам айырмасының, баға өзгеруі мен заттай тұтыну көлемі есебінен пайда болған жете пайдаланылмаған қаражат қалдықтарын, бос қызмет

орындарының бар болуы, ақысыз демалыстар беру және уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары бойынша төлемдер есебінен қалыптасқан ағымдағы шығындар бойынша үнемдеуді, сондай-ақ жоспарланғанға қарағанда бюджет қаражатын алушылардың іс жүзіндегі санын азайтумен, кредиттер, қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін өзгертумен, сапарға шығу немесе іс-шараларды өткізу мерзімдерінің ауысуына байланысты іссапарлар кестесінің өзгеруімен байланысты жоспарларды қоспағанда, міндеттемелер мен төлемдер бойынша ағымдағы айдың жоспарларын өзгертуге арналған өтінімді алдағы айларға ауыстыра отырып ұсынуға жол берілмейді.";

52-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджет нақтыланған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның кезекті қаржы жылына арналған бюджет түсімдерінің сыныптамасына сәйкес түсімдердің жылдық болжамдық сомаларын бекіту туралы бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрығы кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң немесе мәслихаттың кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихаттың шешімі қабылданған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде бекітіледі.";

70-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) қаржылық ұйымдардың, Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қорының жарғылық капиталдарын ұлғайтуды қоспағанда, республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға көзделген не мемлекеттік тапсырманы орындауға байланысты ақшаны есепке алумен және оларды инвестициялық жобаларды іске асыруға (бұдан әрі – квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоты), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең аз мөлшерде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын қалыптастыру кезінде пайдаланылуымен;"

74-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"74. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге кодтар беру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға мемлекеттік мекеменің бизнес-сәйкестендіру нөмірін міндетті түрде көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесін қоса бере отырып, осы Ережеге 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде мемлекеттік мекемелерге кодтар беруге өтінімді ұсынады.";

117-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"117. Аумақтық қазынашылық бөлімшелері күнтізбелік бір жыл ішінде бір рет есепті жылдан кейінгі жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарын тексеруді жүргізеді және 12 ай ішінде оларда ақша қозғалысы мен қалдықтары болмаған кезде мемлекеттік мекемелерге/ квазимемлекеттік сектор субъектілеріне осы ҚБШ жабу жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігі туралы хабарлайды.

Мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектісі тиісті ҚБШ-ның немесе шоттың қолданылуы қажеттігі туралы хатты хабарлама алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынған жағдайда бұл ҚБШ немесе шот жабылмайды.

Мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектісі хабарлама алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастырудың ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарын жабу бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган аумақтық қазынашылық бөлімшесі хатының негізінде кейіннен бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган аумақтық қазынашылық бөлімшесіне және мемлекеттік мекеменің/квазимемлекеттік сектор субъектісінің аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жабылуы не қолданылуын ұзарту жөнінде хабарлама бере отырып, өзі жабады.";

119-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"119. Мемлекеттік мекеменің коды осы Ережеге 60-қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өтінімі бойынша, квазимемлекеттік сектор субъектісінің коды және квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоты осы Ережеге 61-қосымшаға сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің өтінімі бойынша, ал ақылы қызметтердің, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, жергілікті өзін-өзі басқарудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ, шетел валютасындағы шоттар, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттары, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына ашылатын шоттар осы Ережеге 62-қосымшаға сәйкес мемлекеттік мекеменің өтініші бойынша:

1) мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектісі таратылған немесе қайта ұйымдастырылған;

2) мемлекеттік мекемелердің билігінде қалатын олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны мемлекеттік мекеменің пайдалану құқығы айқындалатын заңнамалық акті жойылған;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінен тиісті ҚБШ мен шотты ашуға рұқсат беру үшін негіз болып табылатын қаржыландыру көзін алып тастаған;

4) тиісті ҚБШ мен шотының болу құқығын беретін заңнамалық негіздемені жойған;

5) ақылы қызметтер, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ, квазимемлекеттік сектор субъектісінің шоттары бойынша операциялар күнтізбелік жыл ішінде болмаған;

6) қарыз туралы шартта көрсетілген қарызды жабатын күн басталған немесе оның негізінде сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайта айырбастаудың ҚБШ, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шоты, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына шот ашылған байланысты грант туралы шарттың қолданылу мерзімі өткен жағдайларда жабылады.

Жабылатын ҚБШ және/немесе шоттарда ақша қалдығы болған кезде бюджеттік бағдарлама әкімшісі ұсынған мемлекеттік мекемелер кодтарының әрекеттерін тоқтатуға өтінім (квазимемлекеттік сектор субъектісі ұсынған квазимемлекеттік сектор субъектісі кодтарының әрекеттерін тоқтатуға және шоттарын жабуға арналған өтінім) қайтарылуы тиіс.";

139-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлем құжатының "Бюджеттік сыныптама кодтары" деген ашық жолағындағы деректемелер ҚР ББС-на сәйкес толтырылады. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік сыныптама кодтарын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - ҚР ҰБ) назарына жеткізеді .";

145-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"145 ҚР ББС бюджетке түсетін түсімдер сыныптамасының кодтары бойынша түсімдердің артық (қате) төленген сомасын бюджетке қайтаруды және (немесе) есептеуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Түсімдердің артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтару және (немесе) есепке жатқызу мемлекеттік кірістер органдарының төлем тапсырмалары негізінде жүзеге асырылады.

Түсімдердің бюджеттік сыныптамасының кодтары арасында, мемлекеттік кірістер органдары арасында артық төленген немесе қате түскен сомаларды төлеушілерге бюджеттен қайтару (бұдан әрі - қайтару және (немесе) есептеу) үшін мемлекеттік кірістер органы "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша "Төлем тапсырмаларын, төлемдік талап-тапсырмаларды, инкассалық өкімдерді ресімдеу, пайдалану және орындау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 30

қаулысымен (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13275 болып тіркелді) (бұдан әрі - № 30 қаулы) белгіленген нысан бойынша мемлекеттік кірістер органының басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам және мемлекеттік кірістер органының уәкілетті қызметкері ЭЦҚ қойған төлем тапсырмасының электрондық түрін ұсынады.

Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот ақпараттық жүйесінен интеграциялық шина арқылы ҚБАЗ АЖ-ға қайтаруға және есепке жатқызуға төлем тапсырмаларын беру кезінде мемлекеттік кірістер бойынша орталық уәкілетті орган ЭЦҚ-мен куәландырылған төлем тапсырмаларының электрондық тізілімін жолдайды.

Аумақтық қазынашылық органдарына төлем тапсырмаларын қағаз тасығышта тапсырған кезде мемлекеттік кірістер органдары екі данада:

1) осы Ереженің 63-қосымшасына сәйкес нысан бойынша төлем тапсырмаларының тізілімін;

2) № 30 қаулымен бекітілген нысан бойынша төлем тапсырмасын ұсынады.

Мемлекеттік кірістер органы аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынытын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың артық төленген сомаларын есепке жатқызу және қайтару жүргізу үшін төлем тапсырмасын толтыру Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 622 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5446 болып тіркелген) бекітілген Дербес шоттарды жүргізу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ақшаны алушылар анықтамалығында бюджетке артық (қате) төленген соманы қайтаруға деректемелер болмаған немесе өзгерген жағдайда мемлекеттік кірістер органы "Қазынашылық-клиент" АЖ-да осы Ереженің 64-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ақша алушыны енгізуге арналған осы Ереженің 65-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ақша алушы деректемелерінің өзгерістерін енгізуге өтінімнің электрондық түрін қалыптастырады.

Ақша алушыны енгізуге және ақша алушының деректемелерін өзгертуді енгізуге өтінімді ресімдеудің шынайылығын және дұрыстығын мемлекеттік кірістер органы қамтамасыз етеді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесі жұмыс күні ішінде сағат 16.00-ге дейін "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша мемлекеттік кірістер органдарынан келіп түскен төлем тапсырмаларын қабылдауды жүзеге асырады. Сағат 16.00-ден кейін түскен құжаттар орындалады немесе келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей орындаусыз қайтарылады.";

154-тармақ алынып тасталсын;

155-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"155. Бюджет түсімдерінің сыныптамасының коды бойынша бюджетке түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты орталық уәкілетті органдар есепке алуды, бақылау мен мониторингті, сондай-ақ бюджеттен қайтару және (немесе) артық (қате) бюджетке төленген сомаларды өтеу есебіне есептеуді жүзеге асыруы үшін "е-Қаржымині" ИААЖ және/немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бюджетке түскен сомалар туралы, кейіннен өздерінің аумақтық және/немесе құрылымдық бөлімшелеріне ақпаратты жеткізуімен, ресми ақпаратты алады.

Бюджетке түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты және өздеріне "Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы қызмет көрсетілетін уәкілетті органдар бюджетке түскен, сондай-ақ бюджеттен қайтарылған және артық (қате) төленген сомаларды есепке жатқызу сомалары туралы ақпаратты алу үшін осы Ереженің 70, 71-қосымшаларына сәйкес 2-14 "Бір айдағы түсімдерді жинау жөніндегі есеп" және 2-43 "Бюджет сыныптамасының коды бойынша түсімдер" нысандары бойынша есептерді дербес қалыптастырады.";

159-тармақта:

екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы талап орындалмаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі жалақы және басқа да ақша төлемдерін, оның ішінде техникалық персоналдың жалақысын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ақшалай өтемақы төлеуді, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналары мен жалақыдан ұсталатын басқа да сомаларды, ерікті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдар төлеуді, банк қызметтеріне ақы төлеуді қоспағанда, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген бюджеттік алулардың сомасын толық аударғанға дейін тиісті жергілікті бюджет бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.";

төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы талап орындалмаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі жалақы және басқа да ақша төлемдерін, оның ішінде техникалық персоналдың жалақысын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ақшалай өтемақы төлеуді, салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналары мен жалақыдан ұсталатын басқа да сомаларды, ерікті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдар төлеуді, банк қызметтеріне ақы төлеуді қоспағанда, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген нысаналы трансферттердің сомасын толық аударғанға дейін тиісті жергілікті бюджет бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.";

183-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"183. Мемлекеттік мекеме/квазимемлекеттік сектор субъектісінің табиғи монополия субъектісіне және сатып алынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, жұмыстардың тиісті нарығында үстем (монополиялық) жағдайға ие, осы нарықта олардың үлесі өткен қаржы жылының желтоқсанында ұсынылған төлеуге берілетін құжаттар бойынша ағымдағы қаржы жылына жасалған шарт бойынша ағымдағы қаржы жылының бірінші тоқсанында көрсетілген қызметтер (коммуналдық қызметтер, қоқысты шығару қызметтері, байланыс қызметтері) жүз пайызға тең субъектіге ақы төлеуіне жол беріледі.";

189-тармақта:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"189. ҚБАЖ-да ақша алушы болмай қалған жағдайда, азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімге осы Ереженің 188-тармағында көзделген құжаттардан басқа, "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қағаз тасығышта немесе электрондық түрде осы Ереженің 64, 73-қосымшаларына сәйкес (мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қол қойылған сканерленген үлгілерін тіркей отырып) мемлекеттік мекеме ақша алушыны Ақша алушылардың анықтамалығына енгізуге арналған өтінімді мынадай құжаттарды:

1) заңды тұлға үшін:

заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың (электрондық үкімет порталынан) көшірмесі/резидент еместі салық төлеуші ретінде тіркеу туралы тіркеу куәлігінің көшірмесін;

қолданыстағы банк заңнамасына сәйкес банк шотының болуы және нөмірлері туралы анықтаманы;

2) жеке тұлға үшін:

жеке басын куәландыратын құжаттың/шетелдіктің ықтиярхат құжатының немесе дара кәсіпкерді тіркеу туралы куәліктің, жеке нотариус, адвокат, жеке сот орындаушысы ретінде тіркеу есебіне қою туралы куәліктің көшірмесін, растау хабарламасын (электрондық үкімет порталынан);

нөмірін көрсете отырып, банктік шоттың болуы туралы банктің анықтамасын ;

3) делдал банк үшін (делдал банк арқылы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге төлемдерді ұлттық валютада жүргізу кезінде):

делдал банктің деректемелерін ресми растайтын құжатты;

4) ақшаны шетел валютасында алушы үшін:

бенефициардың, бенефициар банктің, делдал банктің деректемелерін ресми растайтын құжатты (бар болса);

ақша алушының толық деректемелерін көрсете отырып, мемлекеттік мекеменің растау хатын қоса бере отырып ұсынады.";

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкімет порталынан растау құжаттарының қолданылу мерзімі күнтізбелік он күннен аспайды.";

192-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"192. Егер мемлекеттік мекеме коммуналдық қызметтерді төлеу үшін басқа мемлекеттік мекеменің теңгерімінде жалданатын үй-жайға орналасқан жағдайда, мемлекеттік мекеме (жалға беруші) қызметтерді жеткізуші, үй-жайдың теңгерім ұстаушысы мен үй-жайды жалға алушы (жалға беруші) арасында жасалатын 151 "Коммуналдық қызметтерді төлеу" ерекшелігі бойынша үш жақты шартты жасайды.";

194-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) "Ақша алушының атауы, ЖСН (БСН), ЖСК, ақша алушы банктің атауы және БСК" ашық жолағында заңды тұлға үшін толық атауы және жеке тұлғаның толығымен тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (немесе) бар болса дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігіне сәйкес атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі (бизнес-сәйкестендіру нөмірі) және оның банктік деректемелері (оған қызмет көрсететін банктің ЖСК, атауы және БСК) көрсетіледі; аумақтық қазынашылық бөлімшесінің, мемлекеттік мекеменің, ақша алушының және қызмет көрсетуші банктің жұмысын қиындатпайтын мемлекеттік мекеменің, ақша алушының және қызмет көрсетуші банктің атауын және ұйымдық-құқықтық нысанының атауын қысқартуға жол беріледі. Қазақстан Республикасының резиденті емеспен шетел валютасында жасалған шартты тіркеген жағдайда, осы жолақта резидент еместің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректемелері көрсетіледі. Қазақстан Республикасының резиденті емеспен жасалған және Қазақстан Республикасынан тыс ұлттық валютада одан әрі төлемді көздейтін шартты тіркеу кезінде осы жолақта жолақта делдал-банктің деректемелері көрсетіледі;

"Қазынашылық-клиент" АЖ-да "Ақша алушының атауы, ЖСН (БСН), ЖСК, ақша алушы банктің атауы және БСК" ашық жолағы Ақша алушылардың анықтамалығынан таңдап алынады;"

198-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазынашылық-клиент" АЖ-да өтінімді қалыптастыру кезінде мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қойылған өтінімнің электрондық түріне растау құжаттарымен бірге міндеттемені тіркеу туралы хабарламалардың нөмірлері мен күні, шарт талаптарының өзгеру себебі, сондай-ақ өзгерген жағдайда шарт сомасы көрсетілетін мемлекеттік мекеменің түсіндірме жазбасы қоса тіркеледі.";

199-тармақта:

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) шарт деректерінде шарт күшіне енген кезден бастап кемінде күнтізбелік он бес күн мерзімде қызметтерді көрсету (жұмыстарды орындау, тауарларды жеткізу) туралы міндетті талаптың болуы,";

20) тармақша алынып тасталсын,";

210-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"210. Ақша алушы тіркелген шарт (қосымша келісім) бойынша 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламаны алған кезде кейіннен мемлекеттік мекемеге берілетін хабарламаға қол қояды және дәл және анық мөр бедерімен куәландырады. Ұшып кететін сиялар құйылған фломастермен және автоқаламмен қол қоюға және қолды факсимильді көшіру құралдарын пайдалануға жол берілмейді. Бұл ретте ақша алушы қол қояды және мөр бедерін басуды мемлекеттік мекеменің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарт (қосымша келісім) бойынша түпкілікті есеп айырысуды жүргізуі үшін жүзеге асырады.

Егер ақша алушы жеке кәсіпкер немесе мөрі жоқ жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлға болып табылатын жағдайда 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламада оның қойылған қолы ғана болады.

Мемлекеттік мекеме тіркелген шарт (қосымша келісім) бойынша соманы тиісті бюджет кірісіне аударған жағдайда ақша алушы 82-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламаға қол қоймайды.";

213-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"БҚШ-дан ақшаны есептен шығару бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган "Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 31 тамыздағы № 201 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14310 болып тіркелді) және "Банкаралық клиринг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 31 тамыздағы № 211 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14333 болып тіркелді) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулыларына сәйкес ҚБЕО төлем жүйелері арқылы жіберілген электрондық төлем құжаттары негізінде жүргізіледі.";

220-тармақта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) шарт жасаспай не жасасқан шарттың аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелуін талап етпейтін БСК шығыстары бойынша шарт жасай отырып сатып алған жағдайда, ақша алушы ҚБАЖ-да болмаған кезде, мемлекеттік мекеме ақша алушыны Ақша алушылардың анықтамалығына енгізуге арналған өтінімді қағаз тасығышта немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде осы Ережеге 64 , 73-қосымшаларға сәйкес (мемлекеттік мекеме басшысының және бас

бухгалтерінің ЭЦҚ қол қойылған сканерленген үлгілерін тіркей отырып) ақша алушының мынадай құжаттарын (жекешелендіру объектілерін сату бойынша аукцион қатысушыларына кепілдік жарналарды қайтару жағдайларынан басқа):

1) заңды тұлға үшін:

заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың (электрондық үкімет порталынан) көшірмесін/салық төлеуші ретінде резидент еместі тіркеу туралы тіркеу куәлігінің көшірмесін;

қолданыстағы банк заңнамасына сәйкес банк шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтаманы;

2) жеке тұлға үшін:

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін/шетелдіктің тұру ықтиярхатын немесе дара кәсіпкерді тіркеу туралы куәлікті, жеке нотариус, адвокат, жеке сот орындаушысы ретінде тіркеу есебіне қою туралы куәлікті/растау хабарламасын (электрондық үкімет порталынан);

қолданыстағы банк заңнамасына сәйкес банк шоттарының болуы және нөмірлері туралы анықтаманы;

3) делдал банк үшін (делдал банк арқылы Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге төлемдерді ұлттық валютада жүргізу кезінде):

делдал банктің деректемелерін ресми растайтын құжаттарды қоса бере отырып ұсынады.";

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) шарт жасаспай не ол бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесінде жасалған шартты тіркеу талап етілмейтін БСК шығыстары бойынша шарт жасаса отырып, сатып алған жағдайда, ҚБАЗ-да ақша алушының деректемелері өзгерген (болмаған) кезде, мемлекеттік мекеме нөмірі көрсетілген банк шотының болуы туралы банктің анықтамасын қоса бере отырып, осы Ереженің 65, 75-қосымшаларына сәйкес осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген, олар бойынша өзгерістер енгізілген деректемелерді растайтын құжаттарды қоса бере отырып, (мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қол қойылған сканерленген түрлерін тіркей отырып), ақша алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге өтінімді қағаз жеткізгіште немесе "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде береді.";

тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкімет порталынан растау құжаттарының қолданылу мерзімі он күнтізбелік күннен аспайды.";

222-тармақта:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қағаз жеткізгіштегі төлеуге берілетін шот және "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде түскен төлеуге берілетін шот:

1) төлеуге берілетін шоттың нысаны мен мазмұны бойынша осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

2) растайтын және осы Ережеде көзделген өзге құжаттардың мазмұны бойынша осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

3) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік мекеменің ағымдағы шотын (корпоративтік төлем карточкасын) толықтыру үшін сомаларды аудару бойынша шектеуді арттырған;

4) ұсынылған МТ102 форматтағы электрондық хабарлама деректері төлеуге берілетін шоттың мынадай - деректеріне сәйкес болмаған:

атауларының толық және қысқартылып көрсетілуіне байланысты алшақтықтарды қоспағанда, мемлекеттік мекеменің атауы мен ақша алушының атауы;

төлеуге берілетін шоттың сомасы мен МТ102 хабарламасының жалпы сомасы ;

төлемнің мақсатында көрсетілген шығыстардың бағыты;

төлеуге берілетін шоттағы төлеу кезеңі мен МТ102 хабарламасындағы " PERIOD" түйін сөзінде көрсетілген кезең (зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар үшін);

5) түзетулермен, оның ішінде қолмен түзетіліп ұсынылған;

6) осы Ережеде көзделген растау құжаттары, оның ішінде магниттік (электрондық) тасығыштарда қосымшасыз немесе мемлекеттік мекеме басшысының немесе уәкілеттік берілген адамның қолымен және мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөр бедерімен куәландырылмаған қосымшамен (сканерленген түрі тіркелмеген немесе мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қойылмаған сканерленген түрі тіркелген) ұсынылған;

7) талап етілген жолдарда қойылған қолдар және (немесе) мөр бедері болмаған;

8) қойылған қолдар және (немесе) мөр бедері қойылған қолдардың және мөр бедерінің үлгісі бар құжатқа сәйкес келмеген;

9) түпнұсқалылығын тексеру кезінде ЭЦҚ-ның болмауы немесе дұрыс еместігі айқындалған;

10) құжаттың барлық даналарындағы талап етілген жолдарда мөр бедері дәл (анық) қойылмаған;

11) санмен көрсетілген сома жазылған сомаға сәйкес келмеген;

12) төлеуге берілетін шоттарда көрсетілген, бағдарламалық тексеруге жататын деректер ҚБАЖ-ға енгізілген деректерге сәйкес келмеген;

13) төлемнің мақсаты Шығыстардың экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің құрылымына сәйкес шығыстардың бағытына, бюджет түсімдерінің сыныптамасына сәйкес келмеген;

14) банктік деректемелерді қоспағанда, төлеуге берілетін шоттар деректемелері төлеуге берілетін шоттарға қоса берілген (осы Ережеде белгіленген жағдайларда құжаттар қоса берілген (сканерленген түрі жапсырылған) кезде) растайтын құжаттардың деректемелеріне сәйкес келмеген;

15) төлем сомасы қаржыландырудың жеке жоспарының тиісті кезеңдегі (өспелі қорытындылармен) төлемдері бойынша пайдаланылмаған қалдығы сомасынан асып кеткен, сондай-ақ төлем сомасы растайтын құжаттардың сомасынан асып кеткен;

16) аванстық төлем пайызы, республикалық немесе коммуналдық меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындарды қаржыландыруды қоспағанда, осы Ереженің 168-181-тармақтарында көзделген мөлшерінен асып кеткен;

17) төлеуге берілетін шоттың бірінші данасының деректемелері төлеуге берілетін шоттың екінші данасының деректемелеріне сәйкес келмеген;

18) төлеуге берілетін шоттың қолданылу мерзімінен асатын мерзімде берілген;

19) ұсынылған төлеуге берілетін шоттар саны төлеуге берілетін шоттар тізілімінде көрсетілген санға сәйкес келмеген;

20) ҚБЕО белгілеген хабарламалар форматында магниттік (электрондық) жеткізгіште қателер анықталған;

21) осы Ереженің 210-тармағының екінші, үшінші, төртінші абзацтарында көзделген талаптарды сақтамай, төлем шотына "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша хабарлама бекітілген;

22) сот актілерін орындау жөніндегі мемлекеттік мекемелер ақшаны уақытша орналастыру шотынан төлемдер жүргізген кезде төлем шоттарымен берілетін сот актілерінің төлем шотының деректеріне сәйкес келмеген.";

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қабылдау кезеңінде қағаз тасығыштағы төлеуге берілетін шотта жоғарыда санамаланған жағдайларға сәйкессіздік анықталған кезде хат ресімделместен, төлеуге берілетін шоттардың тізілімінің бірінші данасында мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасының қолымен қайтару туралы белгі қойыла отырып, екінші данада – аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысының қолымен қайтарылады. Қабылданғаннан кейін тексеру барысында сәйкессіздік анықталған кезде төлеуге берілетін шот аумақтық қазынашылық бөлімшесі бастығының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның қолымен жазбаша негіздеме бере отырып қайтарылады.";

224-тармақта:

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

9) "Ақшаны алушы" бөлімінде:

"Атауы" ашық жолағында – заңды тұлға үшін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке/анықтамаға сәйкес келетін ақшаны алушының атауы және жеке тұлға үшін тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (немесе) бар болса жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігіне сәйкес атауы көрсетіледі; аумақтық қазынашылық бөлімшесінің, мемлекеттік мекеменің, ақша алушының және оған қызмет көрсететін банктің жұмысын қиындатпайтын ақша алушының және оған қызмет көрсететін банктің ұйымдық-құқықтық нысанының және ақша алушының атауын қысқартуға жол беріледі;

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

16) "Төлемнің мақсаты" ашық жолағында: төлемнің мақсаты, құжаттың атауы, нөмірі мен күні (тауарларды жеткізу туралы шот-фактуралар немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі немесе осының негізінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа құжат) көрсетіледі. Бұл ретте растайтын құжаттардың күні төлеуге берілетін шотты қалыптастыру күнінен кеш болмауға тиіс. Және қосымша:

тіркелген шарттар (қосымша келісімдер) жөніндегі төлеуге берілетін шоттар бойынша - хабарламаның нөмірі мен күні;

жасасқан аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеуге жатпайтын шарттар жөніндегі төлеуге берілетін шоттар бойынша – шарттың нөмірі мен күні; банк қызметтерін төлеу кезінде – жасалған шарттың талаптарына сәйкес пайыздық төлемнің мөлшері;

сот актілерін орындау бойынша ақшаны қайтару/аудару бойынша төлемге берілетін шоттар бойынша ҚБШ ақшаны уақытша орналастыру – ақшаны алу үшін түскен сомаларды растайтын факті, сот шешімі не сот актілерінің негізінде берілген атқарушылық парақ, сот бұйрығы;

төлем жүзеге асырылатын кезең (зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдарды аудару кезінде көрсетіледі);

осы аударымдар жүзеге асырылатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу кезінде мемлекеттік мекеменің заңды тұлға болып табылатын құрылымдық бөлімшелерінің атауы мен БСН-і;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде резидент еместердің шотына ұлттық валютада төлемдер жүргізген кезде – ақшаны соңғы алушы – резидент еместің атауы және деректемелері";

236-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"236. Үзінді көшірмелер мемлекеттік мекеме олардың негізінде ақша алушылардың тізімін және тиісінше ақша алушылардың ағымдағы шоттарға

немесе жинақ ақша шоттарына, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры аударылған соманы мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы және басқа да ақшалай төлемақылар, міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар, жеке тұлғаларға стипендиялар, төлемақылар бойынша бастапқы құжаттардың деректерімен жолма-жол салыстырып тексеруді жүзеге асыратын құжаттар болып табылады. Үзінді көшірмелерді мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне жалақы және басқа ақшалай төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар, жеке тұлғаларға стипендиялар, төлемдер бойынша бастапқы құжаттармен бірге тігеді және олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде сақталады.";

238-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"238. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарт талаптарына сәйкес төлемдерді жүргізу үшін мемлекеттік мекеме қағаз жеткізгіште төлеуге берілетін шоттардың тізілімін, төлеуге берілетін шоттарды және:

тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде - шот-фактураның немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың (актінің) көшірмелерін, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде - акт жасалмайтын қызметтерді қоспағанда, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер актісінің көшірмесін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге құжат түрінің (бұдан әрі - растаушы құжаттар) көшірмесін, сондай-ақ шарт құнына ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың, жолдардың және басқа да объектілердің күрделі жөнделуіне байланысты жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын даярлау құны енген шығыстар бойынша аванстық төлемнен кейінгі төлемді жүргізу кезінде қосымша құрылысқа арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттама) кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының көшірмесін;

осы Ережеге 98-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса қаржыландыру қаражатын немесе байланысқан гранттарды ұлттық валютада жұмсаған кезде үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысқан гранттар бойынша қоса қаржыландыру қаражатын алуға өтінімді ұсынады.";

239-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"239. Тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша алдын ала (аванстық) төлеуді қоспағанда, жүргізген кезде растайтын құжаттың барғандығын тексеру үшін және төлеуге берілетін шотқа берілген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) төлеу мақсатында мемлекеттік мекеме басшысының немесе оларға

уәкілетті тұлғаның қойған қолымен және мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөр бедерімен куәландырылған растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі, аумақтық қазынашылық бөлімшелерімен Келісім жасалған жағдайда – "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде мемлекеттік мекеменің басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қол қойылған құжатты растайтын түпнұсқадан сканерлеген бейне қоса тіркеледі. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес тапсырыс берушінің іркіліссіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында күнделікті немесе апта сайынғы қажеттіліктерді тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттың қолданылуын ұзарту жағдайларын, сондай-ақ құқықтық қатынастарына Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы қолданылмайтын шарттар жасасу жағдайларын қоспағанда, шарт (қосымша келісім) күшіне енген күннен бұрын оның негізінде сатып алынған тауарларға, орындалған жұмыстарға, көрсетілген қызметтерге төлем жүргізілетін растайтын құжаттың күнін көрсетуге жол берілмейді.";

243-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"243. Мемлекеттік мекеменің Осы Ереженің 234-тармағында көзделген шығыстарды қоспағанда шарт жасамастан не аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелуді талап етпейтін БСК шығыстары бойынша шарт жасаса отырып, шығыстардың түрлері бойынша төлемдер жүргізу үшін төлеуге берілетін шотты қалыптастыру мен ұсыну негіздеме болып табылады:

тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде – шот-фактуралар немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжат (акті), жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде – акті жасалмайтын қызметтерді қоспағанда, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер актісі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрі (бұдан әрі - растаушы құжаттар);

қолма-қол ақшаны және чекті алуға арналған өтінім;

сот мөрінің бедерімен расталған заң күшіне енген шешім не ұйғарым, не қаулы, не сот бұйрығы;

инкассалық өкім;

осы Ережеге 98-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса қаржыландыру қаражатын немесе байланысқан гранттарды ұлттық валютада жұмсаған кезде үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысқан гранттар бойынша қоса қаржыландыру қаражатын алуға өтінім.";

267-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"267. Ағымдағы жылдың деректемелері дұрыс көрсетілмеген төлемдерін немесе өткен жылдардың төлемдерін қайтарған жағдайда, аумақтық қазынашылық бөлімшесі мұндай төлемдерді 902 "Анықталғанға дейін өзара есеп

айырысу бойынша ұлттық валютада аударылған сомалар" шотына (бұдан әрі - 902-шот) есептейді.";

268-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік мекеме төлем тапсырмасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ақша алушыға аумақтық қазынашылық бөлімшесінің қайтару сомасын кейіннен қайтаруы үшін не өткен жылдардың дебиторлық берешегі расталған кезде қайтару сомасын тиісті бюджет кірісіне кейіннен аудару үшін нақтыланған деректемелер көрсетілген хат жібереді.

Тиісті бюджеттің кірісіне өткен жылдардың дебиторлық берешегін қайтару сомасын аударуға аумақтық қазынашылық бөлімшесінің 2-38-нысаны бойынша төлем тапсырмасы мемлекеттік мекеменің есептегі дебиторлық берешек сомасын есептен шығару үшін негіз болып табылады.";

269-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ағымдағы қаржы жылының соңында зейнетақылық, әлеуметтік аударымдар, жалақы, алименттер, стипендиялар, жәрдемақылар, іссапар және қызметтік сапарлар бойынша төлемдерді қайтару өткен жылдардың төлемдерін қайтару мемлекеттік мекеменің хаты мен оған қоса берілген свифт-файлдың негізінде аумақтық қазынашылық бөлімшесі ақшаны жөнелтушіге одан әрі аударуы үшін 902-шотқа есептеледі.";

296-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"296. Аумақтық қазынашылық бөлімшесіне сот актілері, анықтау және алдын ала тергеу органдарының қаулылары, белгілі бір ақша сомасына тыйым салуды қолдану туралы прокурор санкциялаған атқару өндірісі органдарының қаулылары, сот санкциялаған атқару өндірісі органдарының қаулылары түскен кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы:

1) мемлекеттік мекеменің кодына:

мемлекеттік мекеменің қызметін ұстау жүзеге асырылатын бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша, мыналар:

жалақы және басқа да ақша төлемдері, оның ішінде техникалық персонал бойынша;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген ақшалай өтемақы;

салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;

міндетті зейнетақы жарналары;

жалақы мен басқа да ақшалай төлемдерден ұстаулар;

әлеуметтік аударымдар;

банк қызметтеріне ақы төлеу бойынша төлемдер мен ақша аударымдары жүзеге асырылатын шығыстар БСК-сін қоспаған жағдайда;

2) ақылы қызметтер ҚБШ-ына немесе қайырымдылық көмектің ҚБШ-ына, жергілікті өзін-өзі басқарудың ҚБШ-ына атқарушы құжаттың сомасына инкассалық өкім қойылған жағдайда;

3) квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына инкассалық өкім атқарушылық құжат сомасында қойылған жағдайда шығыс операцияларын жүргізуді тоқтатады.

Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне қызметкерлерге жалақы және басқа да ақшалай төлемдерді, бюджетке төленетін салық және басқа да міндетті төлемдерді қоспағанда, басқа міндеттемелерді іске асыруға тыйым салатын атқару құжатын орындау бойынша шара қолдану туралы қаулы келіп түскенде, қазынашылықтың аумақтық бөлімшесінің атқарушы орындаушысы қызметкерлерге жалақы және басқа да ақшалай төлемдерді, бюджетке төленетін салық және басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ Қазақстанның жоғарғы оқу орындары алушылары болып табылатын мемлекеттік тапсырыс бойынша оқып жүргендерге степендиялық қамтамасыз етуге ақшалай қаражатты және халыққа зейнетақыны, жәрдемақыны аударуды қоспағанда, мемлекеттік мекеменің қызметін ұстау жүзеге асырылатын бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) жауып тастайды.

Мемлекеттік мекемеде мемлекеттік мекеменің қызметін ұстау бойынша бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) болмаған жағдайда, осы тармақтың 1) тармақшасында берілген шығыстарды қоспағанда, ол арқылы қаулыда көрсетілген мемлекеттік мекемені ұстау жүзеге асырылатын, ол бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісі не мемлекеттік мекеме ұсталатын бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) оқшаулауға жатады. Оқшаулау сот орындаушысы Ереженің осы тармағының бірінші абзацында көрсетілген қаулыларды кері қайтарғанға дейін жүзеге асырылады.";

316-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"316. № 36 Қаулымен белгіленген шетел валютасының лимитінен артатын сомаға валюта түрлері бойынша шетел валюталарын қайта айырбастау аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне мемлекеттік мекемемен валюта түрі мен сомасын көрсете отырып, шетел валютасын сатып алу қажеттілігі туралы хатты ұсынғаннан кейін, қайта айырбастау күніне дейінгі келесі мерзімде:

АҚШ доллары, еуро, ағылшын фунт стерлингі, швейцария франкісі, ресей рублі - үш жұмыс күні ішінде;

жапон иенасы - бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.";

353-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"353. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шоттары қаржы ұйымдарының, Тұрғын үй құрылысын кепілдендіру қорының жарғылық капиталдарын ұлғайту жағдайларын қоспағанда, тиісті қаржы жылына арналған

республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға көзделген ақшаны есептеумен және оларды инвестициялық, не мемлекеттік тапсырманы орындауға байланысты жобаларды іске асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын ең аз мөлшерінде қалыптастыру кезінде пайдалануға байланысты операцияларды есепке алуға арналған.";

356-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"356. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қаржы ұйымдарының, Тұрғын үй құрылысын кепілдендіру қорының жарғылық капиталдарын қалыптастыру немесе ұлғайту жағдайларын қоспағанда, олардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға және инвестициялық, не мемлекеттік тапсырманы орындауға байланысты жобаларды іске асыруға пайдалану үшін шығыстарды жүргізуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталдарын ұлғайтудың ең аз мөлшерін қалыптастыру кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ҚБАЖ-ға жеті мәнді код береді.";

367-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

""Қазынашылық-клиент" АЖ арқылы электрондық төлем тапсырмаларын жасау кезінде тиісті электрондық жолда төлем түрін көрсету қажет:

1-қарапайым төлем;

2-қосымшасы бар жиынтық 10 пайыздық зейнетақы төлемі;

3-еңбекақыны және дивидендтерді аудару;

4-қосымшасы бар әлеуметтік аударымдар.";

371-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ағымдағы қаржы жылының сомасынан 30 пайызға дейінгі мөлшердегі аванстық төлемді қоспағанда, инвестициялық жобаны іске асыру кезінде – шот-фактураның немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрінің көшірмелерін.

Инвестициялық жобаны Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым жүзеге асырған жағдайда, қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне көрсетілген ұйымның уәкілетті адамы қол қойған жазбаша өтінім беріледі.

Бұрын квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бөлінген қаражат есебінен шығыстарды және/немесе тартылған қарыз қаражатын, оның ішінде Қазақстан Республикасының

Ұлттық Қорынан, өтеген жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісі қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының көшірмесін және қарыз қаражатын тарту кезінде қосымша – кредиттік шарттың көшірмесін ұсынады.

"Нұрлы жол" бағдарламасы шеңберінде бөлінген жобалардың тізбесі, сондай-ақ ғарыш қызметі саласындағы жобалар бойынша ағымдағы қаржы жылына арналған соманың 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлемге жол беріледі.";

374-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қағаз тасығыштағы төлем тапсырмасы және "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша электрондық түрде түскен төлем тапсырмасы квазимемлекеттік сектор субъектісіне:

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тиісті шоттарында ақша қаражаты болмағанда не жеткіліксіз болған;

қағаз тасығыштағы төлем тапсырмасын банктік заңнамада белгіленген нысанға сәйкес келмейтін нысанда берілген;

түзетулермен, оның ішінде қолмен түзетулермен ұсынылған;

осы Ережеде көзделген растау құжаттарын қосымшаларсыз ұсынған (сканерленген түрі қоса тіркелмеген немесе қоса тіркелген сканерленген түріне квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы мен бас бухгалтерінің ЭЦҚ қойылмаған);

талап етілетін алаңдарда қолдар және/немесе мөр бедері болмаған;

қолдар және/немесе мөр белгісі қолдар және мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес келмеген;

түпнұсқалығын тексеру кезінде ЭЦҚ болмауы не дұрыс болмауы айқындалған;

құжаттың барлық даналарында талап етілген алаңдарында мөр бедері анық (айқын) қойылмаған;

цифрмен жазылған сома жазумен жазылған сомаға сәйкес келмеген;

төлем тапсырмасында көрсетілген, бағдарламалық тексеруге жататын деректемелер ҚБАЗ-ға енгізілген деректемелерге сәйкес келмеген;

төлем тапсырмасы деректемелері (ЖСК, БСК, ақша алушының банкінің атауын қоспағанда) төлем тапсырмасына қоса берілген (осы Ережемен белгіленген жағдайларда құжаттар қоса берілген кезде) растау құжаттарының деректемелеріне сәйкес келмеген;

төлем тапсырмасының бірінші данасының деректемелері төлем тапсырмасының екінші данасының деректемелеріне сәйкес келмеген;

төлем тапсырмасының қолданылу мерзімінен асқан мерзімде ұсынылған;

ҚБЕО белгіленген хабарламалар форматындағы магниттік (электрондық) тасығышта қателер анықталған;

төлем тапсырмасында көрсетілген мақсаты қаржылық-экономикалық негіздемеде көрсетілген жоспарланған іс-шараларға сәйкес келмеген жағдайларда орындалмай қайтарылады;

растау құжатына сілтеменің болмауы;

төлем тапсырмасындағы соманың растау құжатындағы сомадан асып түсуі;

төлем тапсырмасы нөмірінің қосарлануы;

төлем тапсырмасындағы төлем мақсатының файлмен (шығын түрі, төлем мерзімі және "PERIOD" міндетті ашық жолағының сәйкес келмеуі) сәйкес келмеуі;

төлем тапсырмасында Қазақстан Республикасының банктік заңнамасын бұза отырып, төлем тапсырмасында міндетті ашық жолақтардың толтырылуы;

төлем мақсатында қатенің болуы (жыл, ай, төлем кезеңі дұрыс көрсетілмеген және/немесе төлем кезеңі көрсетілмеген);

төлемнің мақсаты бюджет түсімдері сыныптамасының кодына (төлемдерді бюджетке аудару кезінде) сәйкес келмеген жағдайларда орындалмай қайтарылады.";

375-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"375. Төлем жүргізілгеннен кейін төлем тасырмасының екінші данасы мен осы Ереженің 54-қосымшасына сәйкес 5-20-нысан бойынша қалыптастырылған есеп салыстырылып тексеріледі, төлем тапсырмасында төлем жүргізу күні және 5-20-нысанында салыстырып тексеруді жүзеге асыру күні көрсетіле отырып, аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысының қолымен, мөртабан бедерімен куәландырылады және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне беріледі.";

392-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"392. Уақытша бос бюджет ақшасын ҚР ҰБ салымдарына орналастыру (аудару) жөніндегі әрбір операция мәміле паспортымен ресімделеді, ол салымды орналастыру жөніндегі барлық деректерді: орналастыру сомасының мерзімін, орналастыруды бастау және аяқтау күнін, сыйақы ставкасын, сыйақы сомасын, қайтарылатын салым және есептелген сыйақы сомасын, салымды мерзімінен бұрын талап ету кезінде қолданылатын сыйақы ставкасын қамтуы тиіс. Сыйақы ставкасын "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабына сәйкес ҚР ҰБ белгілейді.";

458-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-сынан сот актілерін орындау жөніндегі ақшаны қайтаруды/аударуды атқарушы құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті аумақтық орган атқарушы құжаттардың атқарылуын

камтамасыз ету саласында аумақтық органның мөрімен куәландырылған атқарушылық құжаттың көшірмесі қоса қыстырылған қағаз тасығыштағы ("Қазынашылық-клиент" АЖ-да атқару парағының түпнұсқасынан сканерленген көшірмені қоса тіркейді) төлеуге берілетін шот негізінде жүзеге асырады.";

472-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"472. Сайлау, республикалық референдум дайындау және өткізу уақытында жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне қойылған қол мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатты ұсынады. Бұл ретте бірінші қол қою құқығы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасына беріледі, екінші қол қою құқығы тиісті аппарат әкімінің бас бухгалтеріне (қаржы қызметінің басшысына) тиесілі болады.

Құжат жергілікті атқарушы органның елтаңбалы мөрінің үлгісін, аумақтық сайлау комиссиясын сайлау туралы тиісті мәслихат шешімінің (жоғары тұрған сайлау комиссиясының аумақтық сайлау комиссиясының мүшесін – оны мәслихат сайлағанға дейін шығып кеткеннің орнына аумақтық сайлау комиссиясының төрағасын тағайындау туралы шешімінің) нөмірі мен күнін көрсете отырып ресімделуге тиіс. Сайлауды, республикалық референдумды қаржыландыруға арналған шоттан және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қаржыландыруға арналған шоттан қаражатты жұмсауға аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының өкілеттілігі сайлауларды, республикалық референдумды, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды дайындау және өткізу мерзіміне, қайта дауыс беру не қайта сайлау мерзіміне және олар аяқталғаннан кейін отыз күнтізбелік күнге дейін ғана белгіленеді.";

502-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"502. Белгілі бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының құрамында бекітілетін және бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында ағымдағы қаржы жылы ішінде бөлінуге жататын, бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың бөлуі Бюджет кодексінің 33-бабының 3-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша тиісті орталық мемлекеттік органдар айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

12-тараудың 5-параграфының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-параграф. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурстарды қарыз қаражаты есебінен өткізу";

842-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"842. Үкіметтік қарыздарды және байланысты гранттарды бірлесіп қаржыландыру қаражатын жұмсау бюджеттік бағдарлама әкімшісі/мемлекеттік

мекеме төлеуге берілген шоттың және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынылатын осы Ереженің 98-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға арналған өтінімнің негізінде жүргізіледі. Бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға арналған қағаз жеткізгіштегі өтінім екі қойылған қол тобымен куәландырылады, онда бірінші топқа бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, ал екінші топқа – мөр бедері бар жобаны іске асыруға жауапты бюджеттік бағдарламаның әкімшісі/мемлекеттік мекеме қол қояды. Қол қойылатын кезде жарыққа төзімді сия пайдаланылады, ұшып кететін сиялар құйылған фломастермен және автоқаламмен қол қоюға және қолды факсимильді көшіру құралдарын пайдалануға жол берілмейді. Елтаңбалы мөрді қойған кезде ("Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі" ММ қоспағанда), қызыл, қара және жасыл түсті мастиканы пайдалануға тыйым салынады, кескін дәл және анық болуы тиіс.

Бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға өтінімді он жұмыс күні ішінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылына және келісілу рәсімінен кейін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелерін қабылдауға жоспарлы тағайындаулардың келісімшарттар талаптарына сәйкестігін қарайды, қол қояды ("Қазынашылық-клиент" АЖ келіседі) және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсыну үшін оны бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне/мемлекеттік мекемеге қайтарып береді.

Бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға қағаз жеткізгіште өтінімді келісу рәсімі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның уәкілетті тұлғасының қолымен және жауапты орындаушы мөртабанының бедерімен расталады.

"Қазынашылық-клиент" АЖ пайдалану кезінде мемлекеттік мекеме басшысы және бас бухгалтер қол қойған ЭЦҚ, 833-тармақта санамаланған құжаттардың түпнұсқасынан сканерленген түрін тіркеп, осы Ереженің 98-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қоса қаржыландыру қаражатын алуға өтінімнің электрондық түрі қалыптасады, өтінімнің растамасы бюджетті атқару жөніндегі органның уәкілетті органының уәкілетті тұлғасының келісімі болып табылады.

Үкіметтік қарыздарды және байланысты гранттарды бірлесіп қаржыландыру қаражатын шетел валютасында жұмсауды бюджеттік бағдарламаның әкімшісі/мемлекеттік мекеме осы Ереженің 98-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынатын ақшаны шетел валютасында аударуға өтініштің және бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға арналған өтінімнің негізінде жүргізеді.

Бірлесіп қаржыландыру қаражатын алуға арналған өтінім бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісуден кейінгі күнтізбелік он бес күн ішінде жарамды болады.";

Ереженің 47-қосымшасына осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік тілде өзгеріс енгізілді, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

Ереженің 60 және 99-1-қосымшалары осы бұйрыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

Ереженің 72-қосымшасы алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Қ. Бишімбаев
2016 жылғы қараша 30

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің төрағасы

_____ Д. Ақышев
2016 жылғы қараша 18

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2016 жылғы 11 қарашадағы
№ 597 бұйрығына
1-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және оған
кассалық қызмет көрсету
ережесіне
47-қосымша
Нысан

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган (бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық қазынашылық бөлімшесі)

" " _____ ЖЫЛҒЫ

қолма-қол ақшасын бақылау шотын ашуға
арналған өтінім

P/c №	Мемлекеттік мекеме		Бюджет түрі	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Қолма-қол ақшаның бақылау шотын ашу үшін негіздеме (рұқсат етілген күні мен нөмірі, тармақшасының, тармағының, бабының нөмірлері көрсетілген заңнамалық актінің атауы мен күні)
	атауы	коды			
1	2	3	4	5	6
I. Ақылы қызметтердің қолма-қол ақшасының бақылау шоты:					
II. Қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасының бақылау шоты:					
III. Ақшаны уақытша орналастыру қолма-қол ақшасының бақылау шоты:					
IV. Жергілікті өзін-өзі басқару қолма-қол ақшасының бақылау шоты:					

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның
(бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның
аумақтық қазынашылық бөлімшесінің)/

мемлекеттік мекеменің басшысы _____
М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2016 жылғы 11 қарашадағы
№ 597 бұйрығына
2-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет
көрсету ережесіне
60-қосымша
Нысан

(бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган/ бюджетті атқару

жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық қазынашылық бөлімшесі)

(бюджеттік бағдарламалар әкімшісі)

жылғы " " "

Мемлекеттік мекемелердің кодтарының әрекеттерін тоқтатуға өтінім

Мемлекеттік мекеменің атауы	Мемлекеттік мекеменің коды	Бюджет түрі	Салықтық түсімдерді есепке алу үшін өңірдің салық органының коды	Экономика секторы	Мемлекеттік мекеменің БСН	3 аң тіркеліміне енгізілген мемлекеттік мекеменің мекен-жайы, телефон, факсі	Кодтың әрекетінің тоқтатылуы на негіздеме
1	2	3	4	5	6	7	8

Бюджеттік бағдарламалар

әкімшісінің басшысы _____

М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2016 жылғы 11 қарашадағы
 № 597 бұйрығына
 3-қосымша
 Бюджеттің атқарылуы және
 оған қасалық қызмет
 көрсету ережесіне
 99-1-қосымша

Корпоративтік төлем карточкасын қолдану арқылы есеп айырысуға рұқсат етілген шығыстары мен шығындарының экономикалық сыныптамасының ерекшеліктер тізбесі

Санаты	Сыны-бы	Кіші сы-нып	Ерек-шелік	Ерекшеліктер атауы	Шығындар тізбесі
1	2	3	4	5	6
1					
	1				
		110		Жалақы	
			111	Еңбекақы	Әскери қызметшілердің лауазымдық еңбекақысы
					Шұғыл қызметтегі

			113	Өтемақы төлемдері	әскери қызметшілерге әскери қызметтен босатылған кезде төленетін бір жолғы жәрдемақы және әскери қызметшілерге - ш е т мемлекеттердің әскери оқу орындарының түлектеріне сауықтыруға арналған жәрдемақы
		140		Сақтаулы қор сатып алу	
			141	Тамақ өнімдерін сатып алу	- спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат оқушыларының каникул және олардың оқу-жаттығу жиындарында болуы кезеңінде тамақтануымен; - донорларға ақысыз негізде қан тапсыруды (донацияны) жүзеге асыруы үшін энергетикалық шығындарын толтыруға арналған тегін тамақ орнына ақшалай өтемақы төлеумен байланысты шығындар бойынша
				Дәрілік заттар және медициналық	Қанды сатып алу; д ә р і кобдишасын

			142	мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу	толықтыру үшін - дәрілік заттар мен байлап-тану құралдарын сатып алу
			144	Жанар-жағар май, отын сатып алу	<p>мемлекеттік мекемелердің:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының әуе кемелеріне алыс және жақын шет елдерінде қызметтік іссапарларда болу кезінде жанар-жағар май құю үшін материалдар құнын төлеумен байланысты; - Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітілген тізбеге енгізілген ерекше қауіпті м а л ауруларының ошақтарын жоюды жүзеге асыратын арнайы автомобиль көліктеріне жанармай құюға арналған ЖЖМ құнын төлеуге байланысты мемлекеттік мекемелердің шығыстарын төлеу кезінде ветеринарлық бақылау посттарында к ө л і к

					<p>құралдарын дезинфекциялау, мемлекеттік органдардың шешімі бойынша малдардың аса қауіпті жұқпалы аурулармен ауырған малдарды алып қою және жою, сондай-ақ сатып алу ЖЖМ, малдардың аса қауіпті жұқпалы аурулармен ауырған малдарды жою мақсатындағы шығыстары бойынша;</p>
			149	Өзге де сақтаулы қорлар сатып алу	<p>Мемлекеттік мекемелердің шығыстары бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> - мемлекеттік саясатты және тауарлар үлгілерінің сатылу саласындағы сапасы мен қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалауды іске асыру үшін оларды сатып алумен байланысты техникалық реттеу және метрология саласындағы бақылау-қадағалау өкілеттіктерін іске асыратын; - көлік құралдарына арналған қосалқы бөлшектер сатып алумен,

					байланысты шығыстары бойынша бірақта айына 20 айлық есептік көрсеткіштен артық емес.
		150		Қызметтер мен жұмыстарды сатып алу	
			159	Өзге де қызметтер мен жұмыстар төлеу	Қазақстан Республикасының Әуе қорғанысы күштерінің әскери-көлік авиациясының, құқық қорғау органдарының әуе кемелеріне алыс және жақын шет елдерде іссапарларда болғанда қызмет көрсету жөніндегі әуе жай қызметтерін төлеуге байланысты мемлекеттік мекемелердің шығындары бойынша
		160		Басқа да ағымдағы шығындар	
			161	Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар	Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға және жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдар үшін заңнамамен белгіленген іссапарда болған уақыт үшін тәуліктік, баратын жерге және кері қайту

				жол жүру үшін шығыстары, тұрғын үй-жайды жалдау шығыстары және заңнамада белгіленген басқа да шығыстар
			162	Елден тыс жерлерге іссапарлар мен қызметтік сапарлар Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға және жедел-іздістіру қызметін жүзеге асырушы органдар үшін заңнамамен белгіленген іссапарда болған уақыт үшін тәуліктік, баратын жерге және кері қайту жол жүру үшін шығыстары, тұрғын үй-жайды жалдау шығыстары және заңнамада белгіленген басқа да шығыстар
			163	Жалпыға бірдей міндетті орта білім қорының шығындары Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің аз қамтылған отбасынан шыққан аса мұқтаж оқушыларына ақшалай көмек көрсету
				Мемлекеттік құпиялар, жедел - іздестіру қызметін жүзеге асыру, елдің қорғаныс қабілеті мен

			167	Ерекше шығындар	<p>ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген міндеттер мен өкілеттіктерге сәйкес мемлекеттік органдар іске асыратын іс-шараларға арналған шығындар</p>
					<p>- заңнамалық актілерге сәйкес мәдени, спорттық және басқа да іс шаралардың жеңімпаздары мен қатысушыларын а әр түрлі сыйақылар, жүлделер, естелік сыйлықтар, ақшалай сыйақылар, жеке тұлғаларға басқа да ақшалай төлемдер төлеуге;</p> <p>- бостандығын шектеу, қамау немесе бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеуден босатылатын тұлғалар үшін тұратын жеріне дейін жол жүру билеттерін сатып алуға;</p> <p>- мемлекеттік мекемелер қызметкерлеріні</p>

			169	Өзге де ағымдағы шығындар	<p>ң іссапар шығыстарынан басқа, сапарға шығу арқылы іс-шаралар (жол жүру, тұру, тамақтану) өткізуге;</p> <p>- бюджеттік бағдарлама әкімшіліктерінің өткізетін іс-шараларына қатысушылардың (республиканың түрлі аймақтары, жақын, алыс ш е т е л өкілдерінің) жол жүру шығындарын өтеу бөлігіндегі өкілдік шығыстармен;</p> <p>- нотариалдық қызметтерге ақы төлеуге;</p> <p>- қызметтік автокөлікке техникалық тексеру жүргізуге және қызметтік автокөлікке мемлекеттік нөмірлер сатып алуға байланысты шығындар бойынша</p>
		320		Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер	
					<p>Мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне, әскери (арнаулы) оқу орындарының бірінші және екінші курстарының</p>

			322	Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер	курсанттарына п о ч т а аударымдары үшін ақшалай өтемақы төлеуге байланысты шығындар, мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне, әскери (арнаулы) о к у орындарының курсанттарына демалысқа кетуі кезінде азық-түлік үлесінің орнына төленетін ақшалай өтемақы бойынша
			324	Стипендиялар	Кәсіптік-техник а л ы қ мектептердің оқушыларына стипендиялар және құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Қорғаныс және Төтенше жағдайлар министрліктері тындаушыларын ың ақшалай ырыздық ақысын төлеуге байланысты